Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Қазанбасы ауылдық округінің Октябрь ауылының шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің және Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 187/365 бірлескен қаулысы және шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабы 5 - тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы " Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес Әулиекөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Әулиекөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Қазанбасы ауылдық округінің Октябрь ауылының шекарасына Әулиекөл ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 64,0 гектар жерді қосу арқылы, Қазанбасы ауылдық округінің Октябрь ауылының шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 2769,0 гектар шекарасында қоса берілген жерлердің экспликациясына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әулиекөл ауданының әкімі *Ж. Таукенов*

Әулиекөл аудандық мәслихаттың төрағасы *Д. Қойшыбаев*

Әулиекөл ауданының
әкімдігінің және мәслихатының
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 187/365 бірлескен
қаулысы және шешіміне
қосымша

Әулиекөл ауданы Қазанбасы ауылдық округінің Октябрь ауылының жер экспликациясы

	Жер бөлу шекарасында ғана беріледі	оның ішінде, га											
			Жайылымдар		Үй маңындағы жерлер	Барлық ауылшаруашылық алқаптары	Ағаш-бұталы екпелер	Су астында	Батпақ	Жолдар астында	Құрылыстар астында	Бүлінген жерлер	Басқа жерлер
			Барлығы	Оның ішінде түбегейлі жақсартылған									
1	2	3		4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Жер шаруашылық													

құрылымының деректері бойынша	2075	2277	244	17	2294	-	135	17	23	202	9	25
Мемлекеттік жер қоры жерінен Қазанбасы ауылдық округі Октябрь ауылына қосылған жерлері									4	10		50
	2769	2277	244	17	2294	-	135	17	27	212	9	75

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК